**2020-2021 оқу жылындағы жазғы аусым ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**
**кіші «Нұрбөбек» тобы ( 2жастан )**

| Апта | Өтпелі тақырып: «Жайдарлы жаз, жарқын күн» Маусым айы | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Денсаулық**<br>Дене шынықтыру | **Қатынас**<br>Сөйлеуді дамыту | **Таным**<br>Құрастыру | **Шығармашылық**<br>Музыка<br>Сурет<br>Мүсіндеу |
| **I - А П Т А** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Орманға барамыз<br>**Мақсаты:** Ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру, шашырап жүгіру. Секіртпеден секіру. 0,5-1,5 м арақашықтыққа отырған және тұрған қалыптан доптарды домалату.<br>**Тақырыбы**: т/а Аңдар мен аңщылар<br>**Мақсаты:**Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Менің әлемім**<br>**Мақсаты:** Тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. | | **Музыка**<br>**Мақсаты:** Ырғақты сезінуге, «жай және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге дағдыландыру.<br>Ән тыңдау:«Біздің бала бақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев).<br>Ән айту:«Біз көңілді қуыршақпыз»<br>Муз - ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би»<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Досыма сыйлық **Мақсаты:** Сурет салуға дағдыландыру. Ақ парақ бетіне дөңгелек пішін салуды көрсету, үйрету. Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету. |
| **II - А П Т А** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:Біз доспыз**<br>**Мақсаты:** Секіртпеден секіру. Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Секіртпеден секіру. Допты екі қолымен жерге соғу.<br>**Тақырыбы**:т/а Біз күштіміз.<br>**Мақсаты:**Қимыл-қозғалыс ойыны «бақшадағы қояндар». | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Мейірімді достарым**<br>**Мақсаты:** Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.<br>Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну).<br>. | | **Музыка**<br>Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдатыпәуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.<br>Ән тыңдау: «Біз балдырған баламыз» (Н.Жанаев<br>Ән айту: «Балапан әні»<br>(Ж.Смақов, И.Нүсіпбаев).<br>Муз - ырғақты қимыл:<br>«Балақан да алақан»<br>(Ә.Ысқақов,Ө.Байділдаев).<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**Доп<br>**Мақсаты:** Доп туралы түсінік беру, ермексазбен |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | таныстыру. Ермексаздан домалақ пішінді жасауды дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. |
| **III - А П Т А (14.06-18.06.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Бір орыннан ұзындыққа секіру.<br>**Мақсаты.** Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан, таспадан секіру.<br>**Тақырыбы :** т/а Ұлттық ойындар<br>**Мақсаты :** Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ». | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Үй құстары»<br>**Мақсаты:** Балаларға үй құстар және олардың тіршілігі жайлы түсінік беру.Үй құстарының тіршілігі жайлы сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау,есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Құстардың табиғатқа,адамдарға келтіретін пайдасына тоқталу,үй құстарына қамқоболуға,оларды күте білуге тәрбиелеу. | **Құрастыру.**<br>Тақырыбы: «Аңдардың үйшігі».<br>Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. | **Музыка**<br>Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және 4«көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.<br>Ән тыңдау:«Келші, келші балашым»(Е.Хасанғалиев)<br>Ән айту: :«Ойыншықтар»<br>Муз – ырғақты қимыл:<br>«Қуыршағым – ай» |
| **IV - А П Т А » (21.06-25.06.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Сүрелей жолмен барамыз<br>**Мақсаты:** Аяқ пен қолдың қозғалысын келістіріп,тізені биікке көтеріп жүруді үйрету. Допты қақпаға домалату. Денені түзу ұстап ,тепе –теңдік сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Тақырыбы: Т/а**<br>Біз спортшылар<br>**Мақсаты:** Таза ауада топ балаларының қатысуымен «спорттық эстафета» спорттық сайысын өткізу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**«Жайдарлы жаз»<br>**Мақсаты:** Балаларға жаз мезгілінің кереметтерін түсіндіру;<br>Жаз мезгілі туралы сөздік қорын байыту;<br>Жаз мезгілінде табиғатқа қамқор болуға болуға тәрбиелеу. | | **Музыка**<br>Ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.<br>Ән тыңдау:«Кір қуыршақ»<br>Ән айту:«Ойыншықтар»<br>Муз – ырғақты қимыл:<br>Би: «Қуыршақпен би»<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:Ағаш.<br>**Мақсаты:**Түрлі ағаш тардың(жуан, жіңішке, биік), бұталардың суретін салуды жетілдіру.<br>Бейнені қағаз бетінде орналастыруды бекіту: төменде (жерді, шөпті), жоғарғы бөлігінде ағаш тардың бұтақтары мен жапырақтарын салу. Түстерді үйлестіре білуді дамыту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| **Апта** | **Өтпелі тақырып: «Менің Отаным Қазақстан» Шілде айы** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Денсаулық**<br>Дене шынықтыру | **Қатынас**<br>Сөйлеуді дамыту | **Таным**<br>Құрастыру | **Шығармашылық**<br>Музыка<br>Сурет<br>Мүсіндеу |
| **I<br>-<br>А<br>П<br>Т<br>А<br><br>(28.06-03.07.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>1. **Тақырыбы:«**Мен жүріп барамын, адымдап<br>**Мақсаты:** Допты тәрбиешіге домалатуды бекіту.Кегльдердің арасымен жүруді үйрету.<br><br>**Тақырыбы**: Ұлы дала баласы.<br>**Мақсаты:** «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Әдептілік -әдемілік<br>**Мақсаты:**«Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?»,«Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру.<br>Көркем шығарма оқып беру. | | **Музыка** Музыкалық естуді дамыту, әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен айта білуге үйрету, қазақ халқы биі элементтерін қолды білезік буынынан бұрауды жетілдіру<br>Ән тыңдау:<br>«Көктем келді» Б.Бейсенова<br>Ән айту:«Қайсы екен?» Б.Дәлденбай.<br>Ырғақты би: «Сылдырмақпенби»<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Гүл<br>**Мақсаты:**Балалардың кол маторикасы дамыту.мақталы дискамен сурет салуды үйрету.Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру.Әдіс-тәсілі: көрсету, әңгімелету, дәстүрлі емес әдіспен бейнелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **II - АПТА (05.07-09.07.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Орманда қыдырамыз»<br>**Мақсаты:** Түрлі бағытта жүру «Орманда қыдырамыз». Алға жылжи отырып секіру «Қоян секіреді». Допты оң және сол қолымен алысқа лақтыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Т/а «Жүгіреміз, зырлаймыз»**<br>**Мақсаты:** «Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Менің достарым»<br>**Мақсаты:** Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу.<br>Көркем шығарма оқып беру.<br>Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы». | | **Музыка** Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауын қадағалайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдау.<br>Ән айту:<br>«Кел,билейік»<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Шашақтармен би»<br>Муз – ырғақты қимыл: Би:«Көңілді би». |
| **III - АПТ** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Біз ересекпіз<br>**Мақсаты:**Сызықты басып кетпе жол бойымен жүру. Шағын топпен жүру (5-7 баладан). «Допты лақтыр» - ойыны – үлкен допты алға лақтыру | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**« «Менің отбасым»<br>**Мақсаты:** Отбасы туралы түсінік беру және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей білуге үйрету. Отбасындағы өзара сыйластық қарым -қатынас | **Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:** Зәулім үй<br>**Мақсаты:** Үй құрастыру арқылы үйдің бір және бірнеше қабатты түрлерімен және олардың бөліктерімен таныстыру, қағаздан үйді құрастыра білуге үйрету | **Музыка** Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қамқорлық сезімін ояту.<br>Ән тыңдау:«Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев)<br>Ән айту:«Мысығым» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **А**<br><br>**(12.07-16.07.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:Т/а. « Менің көңілді добым»**<br>**Мақсаты:** Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері».<br>Доппен ойнау.<br>Допты нысанаға лақтыру. | дағдыларын дамыту;отбасы сүйіспеншілікке тәрбиелеу | және балаларды бірізділікке жұмыс жасай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | (М.Әубәкіров, Н.Арынова).<br>Муз – ырғақты қимыл: «Билейміз» әуені (Е.Андосов)<br>Би:«Жұптасу биі»<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**: Менің қуыршағым<br>**Мақсаты:**<br>Шар пішіндерінен, әр түрлі домалақтар жасауды үйрету; ойыншықтар<br><br>туралы жалпы түсінік беріп,қуыршақтармен таныстыру; тазалыққа , эстетикалық талғаммен жұмыс істеуге тәрбиелеу. |
| **IV**<br>**-**<br>**А**<br>**П**<br>**Т**<br>**А**<br><br>**(19.07-23.07.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Бірге ойнаған көңілді<br>**Мақсаты:**Ересектердің көмегімен гимнастикалық тақтай үстімен жүру. «Біз көңілдіміз» ойыны. Үлкен доптарды лақтыру.<br><br>**Тақырыбы:** Спорттық ойындар күні. Т/а<br>**Мақсаты:** Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату.<br>Жаңа ойындарды үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Нан –дастархан байлығы**<br><br>**Мақсаты:** «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу;<br>- нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау; | | **Музыка** Бұрын тыңдалған шығарманы тануды бекіту, кіріспедан соң әнді бастауды, жануарлардың би қимылдарына ұқсатуды үйрету.<br><br>Ән тыңдау:«Төлдер» (Б.Ғизатов, Ж.Өмірбеков).<br>Ән айту:«Әже» (М.Әубәкіров, С.Қалиев).<br>Муз – ырғақты қимыл: «Құлыншақ»<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Күн<br>**Мақсаты:**Балалардың кол маторикасы дамыту.мақталы дискамен сурет салуды үйрету.Ұқыпты сурет салуға дағдыландыру.Әдіс-тәсілі: көрсету, әңгімелету, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | дәстүрлі емес әдіспен бейнелеу. |
| **V - АПТА** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Көңілді қоңыздар<br>**Мақсаты:**Берілген арақашықтыққа төрттағандап еңбектеуге үйрету. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: т/а**<br>**Олимпиада алауы**<br>**Мақсаты:** «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.<br>Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату.<br>Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Достық күні<br>**Мақсаты** Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту.<br>Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. | | **Музыка** Дыбыс әуезділігін қалыптастыру.<br>Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау.<br>Ойын барысын тыңдап, белсене араласу.<br>Тыңдау:«Тайтұяқ пен асатаяқ» А.Райымқұлова.<br>Ән салу:«Достық» Ә.Бейсеуов<br>Музыкалық – ырғақтық қимылдар:«Достасайық»<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы** : Түрлі-түсті шарлар<br>**Мақсаты**: Балалардың түстер туралы білімін кеңейту. Ерекшеліктерді ажырата отыра сурет салуға үйрету. Әр жаққа бағытталған шолақ түзу сызықтарды салу дағдыларын бекіту. Дөңгелек пішіндер салуға үйрету. |

| Апта | Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем» Тамыз айы | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Денсаулық**<br>Дене шынықтыру | **Қатынас**<br>Сөйлеуді дамыту | **Таным**<br>Құрастыру | **Шығармашылық**<br>Музыка<br>Сурет<br>Мүсіндеу |
| **I - А П Т А (02.08-06.08.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«**Көңілді қоңыздар<br>**Мақсаты:**Берілген арақашықтыққа төрттағандап еңбектеуге үйрету. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: т/а Олимпиада алауы**<br>**Мақсаты:** «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.<br>Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату.<br>Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Туған өлкем<br>**Мақсаты** Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату.<br>Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу.<br>Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдау.. | | **Музыка** Дыбыс әуезділігін қалыптастыру.<br>Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау.<br>Ойын барысын тыңдап, белсене араласу.<br>Тыңдау:«Тайтұяқ пен асатаяқ» А.Райымқұлова.<br>Ән салу:«Достық» Ә.Бейсеуов<br>Музыкалық – ырғақтық қимылдар:«Достасайық»<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы** : Түрлі-түсті кемпірқосақ<br>**Мақсаты**: Балалардың кемпірқосақ туралы білімін кеңейту. Ерекшеліктерді ажырата отыра сурет салуға үйрету. Әр жаққа бағытталған шолақ түзу сызықтарды салу дағдыларын бекіту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **II - АПТА (09.08-13.08.21ж)** | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:«**Біз ойнаймыз<br>**Мақсаты:**Кеглилер арасымен жүру. Допты алға домалату, қолға алуды үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Біз көңілдіміз **Мақсаты:** Допты екі қолмен алға лақтыру.Еденде жатқан лентадан аттап өту үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Менің адал достарым **Мақсаты.** Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау | | **Музыка** Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. Жүгіріп, секіруге үйрету. «Жеңіс күнін тойлаймыз» (Өлеңін жазған: И. Сапарбаев; музыкасын жазған: Ж. Тезекбаев)Ән айту: «Жайлауда» Б.Ғизатов.Музыкалық ырғақты - Жалаушамен жаттығу» |
| **III - АПТА (16.08-20.08.21ж)** | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Орманға серуен **Мақсаты:** Балаларға допты домалатуды бекіту. Текшелердің арасымен жүруді,екі қолмен себетке допты лақтыруға дағдыландыру.<br>**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Спорттық ойындар күні. Т/а **Мақсаты:** Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Қимыл - қозғалыстарын жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«**Менің Қазақстаным**»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу; | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Бәйтерек<br>**Мақсаты.**Фетрдан шыршаны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қима суреттер.Қол моторикасын дамыту.Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | **Музыка** Әнді орындауға баулу. Құстардың сайраған дыбысын тыңдау. Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау Ойын барысын тыңдап, белсене араласу.<br>Тыңдау:«Қызыл ,жасыл көбелек» А.Райымқұлова. Ән айту:«Алақай жаз келді» К.Қуатбаев. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ойыншықпен би. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **IV<br>-<br>А<br>П<br>Т<br>А<br><br>(23.08-<br>27.08.21ж)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Түрлі түсті автомобильдер<br>Мақсаты:Кегельге дейін еңбектеп барып,кегельді алу,тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе-теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту.<br>**Дене шынықтыру. Т/а**<br>**Тақырыбы: Ханталапай.**<br>**Мақсаты:** Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру;<br>- оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеу;<br>- асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру;<br>- ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Балабақша өз үйім»<br>**Мақсаты:** «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; | | **Музыка**<br>Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдысын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.<br>Тыңдау:«Қайсы екен?» Б.Дәлденбай.<br>Ән айту:«Бақа, бақа ,бақ-бақ» А.Меңжанова.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>Жұптасып билеу. |